

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 тамыз N 1179

"Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігін Астана қаласына орналастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі 687 Р990687_ қаулысын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігіне қоныс аударуға байланысты шығыстарды жабу үшін 10 млн. теңге бөлсін;

көрсетілген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігі осы қаулының 1-тармағына сай, тиісті бөлінетін қаражатты пайдаланған кезде Қазақстан Республикасы Президентінің "Әкімшілік шығыстарды қысқарту және 1999 жылғы мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігін ұлғайту жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 1 ақпандағы N 5 N990005_ өкімін және мемлекеттік сатып алу туралы заңдардың сақталуын қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасы Көші-қон және демография жөніндегі агенттігін Астана қаласына орналастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 1 шілдедегі N 687 қаулысының 3-тармағының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі